ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2024 жылғы 08 тамыз дело №7119-24-00-2/9523 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ж.К.Жетібаев,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «Қаныш Сәтбаев атындағы № 61 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Казына» атауымен әрекет етуші Зейнекул Шотаева

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

<u>ҰӘЖДЕУ БӨЛІМІ:</u>

2024 жылғы 17 маусымда Астана қаласы әкімдігінің «Қаныш Сәтбаев атындағы № 61 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (тапсырыс беруші) мен жеке кәсіпкер «Казына» атауымен әрекет етуші Зейнекул Шотаева (орындаушы) арасында № 108 мемлекттік сатып алу туралы шарт жасалған, онда жауапкер декоративтік-әрлеу жұмыстарын орындауға міндеттеме алған. Өнім беруші шарт бойынша жалпы сомасы 3 889 000 теңгеге көрсетілген тауарды шарттың күшіне енген күнінен бастап 21 жұмыс күні ішінде орындауға міндеттенген.

Алайда жауапкер тарапынан шартта көрсетілген жұмыстар орындалмаған.

Тараптар арасында 2024 жылғы 08 тамызда аталған шарт біржақты бұзылған.

Талап қоюшы шарт талаптарын орындамағаны үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды талап етті.

Сотқа жауапкерден қарсы пікір түспеді, алайда сот өндірісінде аталған талап қою арызы жайлы жауапкерге мәлімет тиісті түрде жеткендігіне қарамастан қандайда бір қарсы пікір келтірмеді.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабы 4-бөлігінің 3-тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Шарттың 4.1-тармағына сай орындаушы шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Сотпен анықталғандай, орындаушымен шарт талаптары орындалмаған. Сондай-ақ, жауапкер шартты орындамаудың дәлелді себептерін растайтын құжаттарды сотқа табыс етпеді.

Тараптар арасындағы шартты тапсырыс беруші біржақты тәртіппен 2024 жылғы 08 тамызда бұзылды. Жауапкер заңнамада белгіленген тәртіппен бұзылған шарт дауламады.

Істің мұндай жағдайында, жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап арызы қанағаттандырылуға жатады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекстің 117-бабына сәйкес, мемлекеттік баж жауапкерден мемлекет пайдасына өндіріліп алынады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «Қаныш Сәтбаев атындағы № 61 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «Казына» атауымен әрекет етуші Зейнекул Шотаеваға қатысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Казына» атауымен әрекет етуші Зейнекул Шотаева мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Казына» атауымен әрекет етуші Зейнекул Шотаевадан мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Жетибаев Ж. К., 12.09.2024
Заңды күшіне енген күні: 15.10.2024, судья Жетибаев Ж. К., 16.10.2024
7119-24-3-1/8766

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Ж.К.Жетібаев**

Құжатқа қол қойылған: Жетибаев Ж. К., 12.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 15.10.2024, судья Жетибаев Ж. К., 16.10.2024

7119-24-3-1/8766